

Зейін және ес бұзылыстарының клиникалық сипаттамасы

Орындаған: Маменов Б.А. (548 ЖМ)
Тексерген: Қойшыбеков Т.Т.

Зейін бұзылысы

Зейін – адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылыс, яғни айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу.

Зейін бұзылысы психикалық ауруларда ең жиі кездесетін симптом болып табылады.

Зейін қоршаған орта объектілеріне шоғырлану қабілетіне байланысты *белсенді* және *белсенсіз* болады.

- **Белсенді** немесе **ерікті зейін** адамның саналы қызметімен тығыз байланысты, психикалық ауру кезінде тез бұзылады.

- **Белсенсіз зейін** шартсыз бағдарлық рефлекске негізделген, дерт әсеріне тұрақты болады.

Зейіннің жиі бұзылыстарына оның *қажуы, алаңдаушылығы және қадалуы* жатады.

- **Зейін қажуы** астениялық жаңдайға тән. Науқас әңгімелесу не ақылмен жұмыс барысында тез шаршайды, әңгіме арқауы үзіледі, жауап қайтару сапасы мен ақыл қызметі төмендейді.
- **Зейін алаңдаушылығы** маниакальді ауруларға тән. Науқас зейіні үздіксіз бірінен екіншісіне ауысып отырады, аздаған детальдарға фиксацияланады, бірақ зейіннің бір объектіге шоғырлануы, бір орында отыруы мүмкін емес.
- **Зейін қадалуы** депрессивті ауруларға тән. Науқас ауыр қайғылы ойлардан арылуға дәрменсіз, барлық уақытта ойында бір ой қайталанатын, осы күйден шыға алмайтындай болады. Өте айқын түрі *гиперметаморфоз*.

Ес бұзылысы

Ес (латынша «mnesis» - *ес үрдісі, мнестикалық*) – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс.

Ес – күрделі психикалық процестердің бірі. Ол *ақпаратты бекіту* (фиксация), *өткен тәжірибені есте сақтау* (ретенция) және *өткен шақ тәжірибесін қайта жаңғырту* (репродукция) секілді процестерден тұрады. Оның ауытқуы мнестикалық үрдістің осы аталған 3 буынының кез-келгеніне қатысты болуы мүмкін.

Естің барлық бұзылыстары *сандық және сапалық* сезімінің бұзылыстарына бөлінеді.

- Естің сандық бұзылыстары (дисмнезиялар):

гипермнезия – естің күшеюі, қозуы, яғни өткен шақ тәжірибесінің еріксіз және ретсіз актуализациясы.

гипомнезия – естің жалпы әлсізденуі, мнестикалық функциялардың төмендеуі.

амнезия – естің жоғалуы.

ретроградтық амнезия – ауру басталуына дейінгі кезеңде оқиғалардың естен жоғалуы.

антероградтық амнезия – ауру басталғаннан кейінгі кезеңде оқиғалардың естен жоғалуы.

антероретроградтық амнезия – ауру басталуына дейінгі және кейінгі кезеңде оқиғалардың естен жоғалуы.

- Естің сапалық бұзылыстары (парамнезиялар):
парамнезия – естеліктер құрамының бұрмалануы.
псевдореминисценция (ес иллюзиясы) – болған оқиға уақытын немесе орнын қате еске алу.
конфабуляция (ес галлюцинациясы) – науқас жадыдан түсіп қалған оқиғаларды шын мәнінде болмаған оқиғалармен толықтырады.
эксмнезия – өткен жылдар оқиғаларын науқас қазіргі уақытта болып жатқандай уайымдайды.
криптомнезия – естің бұрмалануы, яғни науқас біреуден естіген не көрген заттарын өзінде болғандай сезіну.

Корсаков амнестикалық синдромы – алғаш рет алкогольді полиневритикалық психоздың көрінісі ретінде сипатталды (Корсаков С.С., 1887).

Көріністеріне жатады:

- фиксациялық амнезия
- ретроантероградтық амнезия
- амнестикалық бағытсыздану
- парамнезия (конфабуляция және псевдореминисценция)

Қолданылған әдебиеттер

- Жарықбаев Қ.Б. «Психология» – Алматы, 2008
- Жариков Н.М., Урсова Л.Г., Хритинин Д.Ф., Сарсембаев К.Т. «Психиатрия» – Алматы, 2010
- Иванец Н.Н., Тюльпин Ю.Г., Чирко В.В., Кинкулькина М.А. «Психиатрия и наркология» – Москва, 2009
- Морозов Г.В., Шуйский Н.Г. «Введение в клиническую психиатрию» – Н.Новгород, 1998